

## Жетісу облысының жасыл екпелерді күтіп-ұсташау және қорғау қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Жетісу облысы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 13-43 шешім. Күші жойылды - Жетісу облыстық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 3-24 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облыстық мәслихатының 16.05.2023 № 3-24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 10886 тіркелген) Жасыл екпелерді күтіп-ұсташадың және қорғаудың ұлгілік қағидаларына сәйкес Жетісу облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жетісу облысының жасыл екпелерді күтіп-ұсташау және қорғау қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін;
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*Г. Тойлыбаева*

Жетісу облыстық мәслихатының 2022  
жылғы "14" желтоқсандағы № 13-43  
шешіміне қосымша

## Жетісу облысының жасыл екпелерді күтіп-ұсташадың және қорғаудың қағидалары

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Жетісу облысының жасыл екпелерді күтіп-ұсташадың және қорғаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-15) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 10886

тіркелген) Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларына сәйкес өзірленді және Жетісу облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғау тәртібін айқындайды.

Қағидалар мемлекеттік орман қоры участеклерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй аумақтарында, саяжай участеклерінде өсетін жасыл екпелерге қолданылмайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыш және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сұру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыштарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалданыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, аяа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құргатуға және көгалданыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) ағаштарды кесу – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы зан) 2-қосымшаның 159 -тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу жөніндегі жұмыс;

3) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган айқындаған участеклерде жүзеге асырылатын ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу жөніндегі жұмыс;

4) дендрологиялық жоспар – құрылыш салу аймағын ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық участеклерімен үйлесімділікте өсіп түрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұта өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді орналастырудың схемалық құжаты;

5) жалпыға ортақ жерлер – аландар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

6) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, еркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сұнгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктікегі діңдерін кесу;

7) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;

8) жасыл екпелер – азаматтық заннамаға сәйкес жылжымайтын мұлік болып табылатын және бірыңғай қалалық жасыл қорды құрайтын, табиғи өскен және жасанды отырғызылған ағашты-бұталы және шөпті өсімдіктер;

9) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін закымдану;

10) жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау-жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және молықтыруға (оның ішінде кесілген жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыш жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр жүйесі мен ұшарбаста зең ауруларымен (паразиттермен) закымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) %-дан астамы аурулардан закымданған болса, онда олар міндettі түрде кесілуі тиіс;

13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын қайта есептеу) – көгалдандыру объектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық сипаттай отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір көгалдандыру элементін графикалық бейнелеу;

14) жасыл екпелер тізілімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы участкеде орналасқан және шаруашылық және басқа да құрылыштармен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі, жеке (отбасында) тұруға арналған үй;

16) зансыз кесу – уәкілетті органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштарды кесу;

17) көгалдандырылған аумақтар – шығу тегі табиғи өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері мен объектілері, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлзарлар орналасқан жер участкесі;

18) көгалдандыру жөніндегі ұйым – шарт негізінде елді мекен аумағындағы жасыл еспелер мен жалпыға ортақ пайдаланылатын көгалдандырылған аумақтарды көгалдандыру, күтіп-ұстай, күту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

19) көгал – шөп жамылғысы мен басқа да өсімдіктерді қамтитын, тротуардан, тұрақ қалталарынан, тұрақтардан және жолдың өзге де элементтерінен жиектас таспен және (немесе) әшекейлі қоршаумен қоршалған абаттандыру элементі (жер участкесі);

20) күтіп-баптау жөніндегі жұмыстар – өсімдіктердің жерасты және жерусті бөлігін күтіп-баптау (коректендіру, суару, қопсыту, санитариялық-профилактикалық іс-шаралар және өзге де іс-қимылдар);

21) мәжбүрлі түрде кесу – авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды кесу;

22) өтемдік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

23) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы участкелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;

24) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қофамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

25) санитариялық кесу – авариялық жағдайлар туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың шатырын бұзатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін) ауру, құрғап бара жатқан, құрғақ және зақымдалған бұтақтарды кесу;

26) санитариялық мақсатта ағаш кесу – жасыл екпелердің санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), бұл кезде ауру, зақымданған, кураған және қураған ағаштар кесіледі;

27) тротуар – жаяу жүргіншілердің журуіне арналған, жолдың журу бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

28) уәкілетті орган – жасыл екпелердің күтіп-ұстасу және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

29) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу;

30) шағын сәулет нысандары – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мұсіндер, фонтандар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, құркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

31) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ.

## **2-тaraу. Жасыл екпелерді күтіп-ұстau және қорғau**

3. Барлық санаттар мен түрлердегі көгалданырылған аумақтар елді мекен шекараларындағы көгалданыру жүйесін құрайды, елді мекеннің жасыл қорына кіреді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй мен жеке қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, рекреациялық, орта құрайтын және санитариялық-қорғаныш функцияларын орындайды.

4. Жер учаскелерінің меншік иелері және (немесе) жер пайдаланушылар оларда орналасқан жасыл екпелерді сау күйінде күтіп-ұстайды және олардың сақталуын, қорғалуын және күтіп-баптау жөніндегі жұмыстарды өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

5. Елді мекендердің жасыл қорын дамытудың негізгі мақсаттары, функциялары:

экологиялық теңгерімді сақтау;

оңтайлы температуралық режимді сақтау, оның ішінде жазғы кезенде;

ауа ылғалдылығын сақтау;

ластанған ауаның адсорбциясы (пайдаланылған газдар, көріз, өрттер, жинақталған коммуналдық қалдықтардың иісі және ауаны ластаудың басқа көздері);

белгілі бір аумақта ластануды және басқа да теріс әсер ету нысандарын сініру, тазарту, өзгедей жою;

сәндік-эстетикалық, қолайлы өмір сұру ортасын қалыптастыру болып табылады.

6. Жасыл қор мен қоршаған ортаны қорғau және сауықтыру жөніндегі шараларды азаматтар, лауазымды және заңды тұлғалар осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

7. Тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің көгалданырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

8. Көгалданыру объектілері экологиялық заңнаманы сақтай отырып, елді мекенниң бас жоспарына сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде құрылады.

9. Рекреациялық аймаққа жататын ортақ пайдаланудағы жер аумағында рекреациялық аймақтың жұмыс істеуіне тікелей байланысты емес жаңа өнеркәсіптік, коммуналдық және қойма объектілерін, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштарды орналастыруға (салуға) және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге жол берілмейді.

10. Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыш-монтаждау жұмыстары болжанатын участкенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер участкесін көгалдандыруды көздеу қажет.

### **3-тaraу. Жасыл екпелерді есепке алу жөніндегі құжаттама жүргізу тәртібі**

11. Жасыл екпелердің барлық тұрларі:

есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсінү актісін толтыру;

жасыл еспелер тізілімін жүргізу;

дендрологиялық жоспарды әзірлеу арқылы есепке алынады.

12. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтер шарттық негізде жергілікті бюджет есебінен және (немесе) басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

13. Уәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратына жібереді.

14. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижелерін көрсететін құжаттар ресімделген түгендеу, орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалатын дендрологиялық жоспарға енгізілген езгерістер болып табылады.

15. Есепке алынған жасыл екпелер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізіледі.

16. Жасыл екпелердің тізілімі мен есебін уәкілетті орган қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүргізеді.

17. Жасыл екпелерді есепке алушы жүргізу мыналарды қамтиды:

1) жасыл екпелердің саны, түрлік құрамы және жай-күйі туралы дұрыс деректерді есепке алу және алу;

2) елді мекениңің жасыл екпелерді қорғау, сақтау және көгалдандырылған аумақтарды дамыту саласындағы саясатының негізгі бағыттарын айқындау;

3) халықты және мұдделі тұлғаларды елді мекендердің саны, жай-күйі және қоршаған орта туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) елді мекен аумағындағы жасыл екпелердің жағдайын талдау;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда жасыл екпелерді тиімді басқару үшін бірыңғай ақпараттық база құру, оның ішінде жасыл екпелер санының қолданыстағы құрылышы және санитариялық нормаларға сәйкестігін белгілеу;

6) көгалдандырылған аумақтарды күтіп-ұстай, күрделі жөндеу және оларды қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды регламенттеу;

7) көгалдандырылған аумақтардың меншік иелерін айқындау және олардың сақталуы мен жай-күйіне жауапты занды және жеке тұлғаларды белгілеу;

8) қаланың көгалдандырылған аумақтарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;

9) көгалдандыру жобаларын, күтім жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын жасыл екпелерді күтіп-ұстай, күтіп-баптау және пайдалану жөніндегі ұсынымдар өзірлеу.

18. Дендрологиялық жоспарды елді мекен шекарасы шегінде құрамында экологтары және (немесе) дендрологтары бар дендрологиялық зерттеулер қызметтерін көрсететін ұйымдарды тарта отырып, уәкілетті орган әзірлейді.

19. Дендрологиялық жоспар екі бөліктен тұрады.

Бірінші бөлім – картографиялық бейнеден тұратын, онда әрбір жасыл есперреттік нөмір беріледі және қайта есептеу ведомосімен сүйемелденеді. Картографиялық бейнеде жасыл еспелерден басқа, көшелерді, жолдарды (жүру бөлігін) қоса алғанда, құрылыш салу аймағын және жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық участкелері көрсетіледі.

Екінші бөлім – сипаттама, онда көгалдандырылған объектінің сәйкестендіру сипаттамалары, дендрологиялық жоспардың сәйкестендіру сипаттамалары, өсіп түрған жасыл екпелердің сандық және түрлік құрамы көрсетіледі, мынадай:

кесу үшін (ауру, кепкен);

қайта отырғызуға арналған;

өндемеген деген белгілерді көрсете отырып, жасыл екпелер өсетін жергілікті жердің бедері, топырактың құрамы сипатталады.

20. Дендрологиялық жоспардың ауқымы 1:10000.

21. Дендрологиялық жоспар электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалады және сақталады және уәкілетті органның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

22. Дендрологиялық жоспар бес жылда бір рет жасалады және оны кейін уәкілетті орган түзетеді.

23. Бес жыл өткен соң климаттық ерекшеліктерге, елді мекеннің немесе оның бөлігінің жоспарлау құрылымы мен сәулеттік бейнесінің қалыптасуына байланысты жаңа дендрологиялық жоспар жасалады және бекітіледі.

24. Шағын қалаларда (халық саны 50 мың тұрғынға дейін) өзгерістер болмаған кезде қолданыстағы дендрологиялық жоспарды қайта бекітуге жол беріледі.

#### **4-тарау. Жасыл екпелерді күтіп-ұстаяу және қорғау жөніндегі шаралар**

25. Жасыл кеңістікті күтіп-ұстаяу мыналарды қамтиды:

1) отырғызу шұңқырлары мен траншеялардағы топырақты жерді ауыстыру, жасыл екпелерді отырғызу және оларды күтіп-баптау;

2) ағаштардың діңгек қуысын орнатумен қыртыстарды қосыту, ағаштарды өктеу, жасыл қоршамды қию, ағаштардың діңін көтеру, ағаш өскіндерін жою;

3) гүлзарлар, көгалдарды орналастыру, арамшөптерді отау, шөптерді шабу, қысқы кезеңде раушан гүлдерін жауып ұстаяу;

4) жасыл екпелерді суару бүкіл вегетациялық кезеңде, жылдың ыстық және құрғақ уақытында суару үлкен жиілікпен жүзеге асырылады;

5) ұшарбасты қалыптастыру;

6) қаңқалы және жартылай қаңқалы бөліктерін сақтай отырып, ағаш-бұта өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып жүргізілетін жасарту;

7) тыңайтқыш енгізу;

8) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен құрес;

9) авариялық, қураған ағаштар мен бұталарды санитариялық кесу, тұбірлерді жүзу;

10) жасыл екпелердің жай-күйіне мониторинг ұйымдастыру;

11) ағаштың қуысын тазалау және пломбалау, ағаштың кесілген жерлерін майлы баяумен өңдеу.

26. Жасыл екпелерді күтіп-ұстайды және қорғау жүзеге асырады:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде – уәкілетті орган жүзеге асырады;

2) саябақтар мен скверлерде меншік иелеріне немесе меншік иесі уәкілеттік берген адамға жүктеледі;

3) өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағында және басқа да меншік объектілерінде, сондай-ақ бөлінген және бекітілген аумақта және – осы объектілердің меншік иелеріне немесе пайдаланушыларына жүктеледі;

4) құрылыш-монтаждау жұмыстарына бөлінген аумақтарда – тапсырыс берушіге жүктеледі.

27. Ағаштарды жасарту және тығыз өсетін ағаштарды сирету жөніндегі іс-шаралар вегетация басталғанға дейін немесе құздің сонында жүргізіледі.

28. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл бойы оларды сактау, қорғау және қарқынды құтім жасау бойынша қажетті шараларды сактай отырып жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді жерсіндіру мақсатында оларды күз басталғаннан бастап ерте көктемге дейінгі кезеңде қайта отырғызылады.

29. Жұмыстарды жүргізу кезінде құрылыс ұйымдары құрылыс салуға немесе құрылыс жұмыстарын жүргізуге бөлінген жер участкеінде орналасқан жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды орындаиды:

1) құрылыс аландарының қоршауы ағаштар мен бұталар олардың шегінен тыс қалатындағы етіп орнатылады. Құрылыс алаңында қалған әр ағаштың немесе ағаштар тобының айналасында ағаштың діңі мен ұшарбасын зақымданудан сақтауды қамтамасыз ететін жеке қорғаныс жасалады. Ағашты-бұталы өсімдіктерді сақтау мақсатында төменгі және жоғарғы ұшарбастарды ішінара кесуге, оқпандарды байлауға, бұталардың ұшарбастарын байлауға жол беріледі;

2) сақталатын ағаштарды қоршауларды, шырақтарды және өзге де заттарды бекіту үшін бағаналар ретінде пайдалануға және зақым келтіруге жол берілмейді;

3) ағаштардың тамырларын жалаңаштауға және дің маңындағы шенберлерді топырақпен, құрылыс материалдарымен және қоқыспен көмуге жол берілмейді;

4) жасыл еспелер ауданында жолдарды, тротуарларды және басқа да құрылыстарды реконструкцилау және салу кезінде бұрыннан барларға қарсы тік белгілерді өзгертуге жол берілмейді. Тамыр жүйесін толтыру немесе жалаңаштау мүмкін болмаған жағдайда, жобалар мен сметаларда ағаштардың қалыпты өсу жағдайларын сақтау үшін тиісті құрылғылар қарастырылған;

5) машиналардың көгалдарда тұруына, құрылыс материалдарын жинап қоюға, жанар-жағармай материалдарын, лас қалдықтарды төгуге жол берілмейді;

6) кірмежолдар мен көтергіш крандарды орнатуға арналған орындар жасыл еспелерден тыс орналастырылады және ағаштардың орнатылған қоршауларын бұзбайды;

7) ағаштар мен бұталардың тамыр жүйесі аймағында қазу жұмыстарын тамыр жүйесіне зақым келтірмей, негізгі қаңқа тамырлары орналасқаннан төмен жүргізеді;

8) жаңа құрылыштың барлық участкерінде жоғарғы өсімдік топырағын сақтайты, оны алуды және құрылыс алаңының шеттерінде үймеледі жүргізеді. Бұрғыланған өсімдік топырағы аумактарды көгалдандыру кезінде пайдаланылады және (немесе) көгалдандыру жөніндегі ұйымға беріледі.

30. Тротуарлар мен өтпе жолдарды асфальттау, төсеу, тақталармен жабу жұмыстарын жүргізу кезінде ағаштың айналасында кемінде диаметрі 1,2 метр жақын аралық шеңбер қалдырылады.

#### **5-тaraу. Уәкілетті органдың елді мекеннің аумақтарын көгалдандыру жөніндегі жұмыс жоспары**

31. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалдандыру, жасыл екпелерді отырғызу бюджеттің түрлі деңгейлері қаражаты есебінен, сондай-ақ езге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

32. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін уәкілетті орган мынадай жұмыстардың бір түріне және/немесе бір мезгілде түрлеріне ақау актісін дайындайды:

- 1) жасыл екпенің мекенжайын (орналасқан жерін), түрін, оның сипаттамаларын (оқпан диаметрі, биіктігі, жай-күйі және басқалары) көрсете отырып, болжанып отырған қураған ағашты кесу бойынша көлемді айқындау;
- 2) нақты участкеде жоспарланған жаңа жасыл екпелердің көлемін анықтау (жасыл екпенің түрі мен атауы, отырғызу мерзімі);
- 3) түрі мен сипаттамаларын, отырғызу мерзімдерін айқындаі отырып, етемдік жасыл екпелер орналасатын участкенің жоспарын айқындау;
- 4) ағаштың орналасқан жерін, көлемін (санын) көрсете отырып, түбірлерін қопарып қазып алу көлемін айқындау.

33. Уәкілетті орган жасыл екпелерді сатып алуға, оларды тасымалдауға, тыңайтуға, суаруға, топырақты тасымалдауға, механикаландыруға және жұмыс күшіне, сондай-ақ жаңадан отырғызылған жасыл екпелерді жерсіндіру үшін кейін қутіп-баптауға жұмсалатын шығындардың құнын айқындаі отырып, еркін нысандағы ақау актісін іске асыру мақсатында жұмыс көлемін айқындау үшін шығындар калькуляциясын жасайды.

34. Инженерлік желілерге (электрмен жабдықтау, жарықтандыру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау) қатысты жасыл екпелерді кесу және/немесе қураған ағаштарды кесу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде кемінде үш жұмыс құні бұрын инженерлік желілердің меншік иелерімен жұмыстарды орындау мерзімдері келісіледі және жұмыстардың уақыты мен ұзақтығын көрсете отырып, участкедегі болжамды жұмыстар туралы халыққа, кәсіпорындар мен ұйымдарға бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер немесе ұялы байланыс арқылы хабарланады.

#### **6-тaraу. Ағаштарды кесу тәртібі**

35. Құрылыш салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген участекелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылышы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыштар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы занға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

36. Ағаштарды кесу:

1) бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген құрылыш қызметін, құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерүсті коммуникациялары;

3) авариялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;

4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігі;

5) адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және занды тұлғаның мүлкіне залал келтіретін ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жасалуы мүмкін;

6) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрған жағдайларда жүзеге асырылады.

37. Ағаштарды кесуді рұқсат беру рәсімдеріне сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер участекесіне қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.

Уәкілетті орган халықтың өміріне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген тұрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген жасыл екпелерді кесуге рұқсат берілмейді.

38. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыштарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумактардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін участекелер бойынша ұйымдар жүзеге асырады.

39. Авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу мынадай:

ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыштардың, коммуникациялардың және желілердің бүлінуіне қауіп төндірген;

жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін көзben шолуды жабатын кедергілер болған, жол белгілерін ауыстыру мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

40. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу фактісі авариялық-құтқару қызметінің куәланыру актісімен айғақталады, кейін уәкілетті органға мәжбүрлі түрде кескен сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады.

41. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде ағаштарды санитариялық кесуді уәкілетті органмен жазбаша келісім бойынша осы жер участекіне қызмет көрсететін көгалданыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

42. Ағаштарды кесу Рұқсат беру туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша, Жасыл еспелер тізіліміне сәйкес ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйі мен орналасқан жерін дәл анықтау үшін уәкілетті орган маманының алдын ала ағашты кескен жерге баруы және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелерді зерттеп-қарау актін толтыруы арқылы жүзеге асырылады.

43. Жеке және занды тұлғалар ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кесілген ағаштардың орнына өтемдік отырғызу туралы кепілдік хат береді.

44. Кесілген жасыл еспелер мен кесілген қалдықтарды (үгінділер, бұтақтар, жапырақтар, қабықтар) жұмыс жүргізілетін жерде жинауға және сақтауға жол берілмейді.

## **7-тaraу. Ағаштарды отырғызу, қайта отырғызу және өтемдік отырғызу**

45. Жеке және занды тұлғалар дендрологиялық жоспарға сәйкес өз қаражатына жасыл екпелерді отырғызуға арналған аумақты көрсете отырып, уәкілетті органның жазбаша келісімі бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарды көгалданыруға қатыса алады.

46. Жеке және занды тұлғалар өз қаражатына жасыл екпелерді отырғызууды жүзеге асырғаннан кейін орындалған іс-шаралар туралы деректерді береді, ал уәкілетті орган жасыл екпелерді қабылдайды және оларды Жасыл екпелерді есепке алу жөніндегі тізілімге енгізеді.

47. Жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына сәйкес көрсеткен участекерге қайта отырғызылады.

48. Жеке және занды тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді.

49. Егер қайта отырғызу ағаштардың салып қалуына әкеп соққан жағдайда, осы Қағидалардың 58-тармағының талаптарына сәйкес өтемақының он еселенген мөлшері белгіленеді.

50. Ағаштарды қалпына келтіру қала мен елді мекеннің өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда топырақты құнарлы топыраққа ауыстыра отырып, арнайы учаскелерде жүргізіледі.

51. Ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде қалпына келтірілетін ағаштарды олардың мұддесі үшін кесу жүргізілген азаматтардың және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен он есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі.

52. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерге өтемдік отырғызу және күтіп-баптау және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды өз штатында көгалдандыру саласындағы мамандары бар көгалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

53. Іргелес аумақтағы жасыл екпелер жойылған жағдайда, қарамағында осы аумақ бар заңды немесе жеке тұлға өтемдік отырғызууды он есе мөлшерде жүргізеді.

54. Уәкілетті орган жылына бір рет өзінің интернет-ресурсында ағымдағы кезең үшін жүргізілген өтемдік отырғызу жөніндегі ақпаратты және көгалдандыру жөніндегі ұйымдардың тізбесін орналастырады.

55. Ағаштарды заңсyz кесу, жою, бұлдіру немесе жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзған жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 381-1 және 386-баптарына сәйкес жауапты болады және елу есе мөлшерде ағаштарды өтемдік отырғызууды жүргізеді.

56. Тізбеке енгізілген көпжылдық екпелер және (немесе) жасыл екпелер заңсyz кесілген, жойылған, бұлінген жағдайда ағаштардың сол түрін (қосымша түрлерін) өтемдік отырғызу жүз есе мөлшерде жүргізіледі және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 340-бабына сәйкес жауапты болады.

57. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 441 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкалардың 4-тармағында көзделген зиян үшін жеке және заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган есептейді.

58. Ағаштарды өтемдік отырғызу кесегімен биіктігі кемінде 2,5 метр жапырақты ағаш көшеттерін немесе кесегімен биіктігі кемінде 2 метр қылқан жапырақты ағаш көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен діңінің диаметрі 3 сантиметрден кем емес болуы, дің бөлігінің 1,3 метр жоғары болуы қажет.

59. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсyz кесу, жою немесе бұлдіру кезінде кесу

, ағаштарды жою немесе бұлдіру орнынан 1 километр радиуста аумақта жүргізіледі.

Өтемдік отырғызу үшін кесу орнынан 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

60. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде өтемдік отырғызу көгалдандыруды, көгалдандыру жөніндегі ұйымды тарта отырып, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде жүргізіледі.

61. Өтемдік ағаш отырғызу дендрологиялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

62. Жол-көлік оқиғасы салдарынан жалпыға жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде және жеке аумақтарда өсетін жасыл екпелер механикалық зақымданған немесе жойылған жағдайда кінәлі тарап осы Қағидалардың 58-тармағына сәйкес көшеттер отырғызу арқылы бүлінген немесе жойылған екпелерді бес есе өтемдік қалпына келтіруді жүргізеді.

63. Өтемдік ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жеке және занды тұлғалар бір ай ішінде уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

64. Кепілдік хатқа сәйкес жеке және занды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) осы Қағидалардың 25-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

65. Өтемдік отырғызуды жүзеге асырған жеке және занды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсіну актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының теңгеріміне береді

66. Уәкілетті орган өскен ағаштарды Жасыл екпелер тізіліміне енгізеді.

67. Отырғызылған көшеттер өтемдік отырғызу кезінде жойылған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды жүргізеді және оларды қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап үш жыл бойы (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді.

Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және  
қорғаудың қағидаларына 1-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ жылғы 1 қаңтардағы Жасыл екпелер тізілімі

Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жердің санатына, есімдіктің типтеріне, функционалдық мақсатына қарай бөлу

Қала/елді мекен

Әкімшілік аудан: (код) \_\_\_\_\_

Жауапты иесі: \_\_\_\_\_

Жасыл екпелер тізілімі

Кесте

| Р/с № түгендеу/жасыл екпе паспортының № | Жердің функционалдық мақсаты (екпелер санаты) | Ағаш өсімдігі             |                          |                          |  | Ж о л бойындағы екпелер, дана | Жиыны |  |
|---|---|---------------------------|--------------------------|--------------------------|--|-------------------------------|-------|--|
|   |   | Бірлі-жарым ағаштар, дана | Топтар, куртиналар, дана | Тогайлар, алқаптар, дана |  |                               |       |  |
|   |   |                           |                          |                          |  |                               |       |  |

Бұталы өсімдіктері

|                   |                               |                         |                       |                   |
|-------------------|-------------------------------|-------------------------|-----------------------|-------------------|
| Бірлі-жарым, дана | Жасыл қоршам қума метр (к.м.) | Қатарлап отырғызу, дана | Топтық отырғызу, дана | Барлығы к.м./дана |
|-------------------|-------------------------------|-------------------------|-----------------------|-------------------|

Ашық кеңістіктер

| Гүлзарлар |                |                    | Көгалдар  |                         |               |               |             |                               |               |
|-----------|----------------|--------------------|-----------|-------------------------|---------------|---------------|-------------|-------------------------------|---------------|
| Жазғы, м2 | Көп жылдық, м2 | Контейнерлік, дана | Вазон, м2 | Альпинарий, рокарий, м2 | Жиыны м2/дана | Партерлік, м2 | Кәдімгі, м2 | Ж ер қыртысының жамылғысы, м2 | Жиыны м2/дана |
|           |                |                    |           |                         |               |               |             |                               |               |

Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қагидаларына 2-қосымша

Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарастау актісі

20 ж. " "

| Р/с №     | Жасыл екпелер дің табиғи күрамы | Сақталады |           |                  | Кесуге рұқсат |           |                  | Рұқсатсыз кесу |           |                  |
|-----------|---------------------------------|-----------|-----------|------------------|---------------|-----------|------------------|----------------|-----------|------------------|
|           |                                 | да на     | жасы, жыл | дің диаметрі, см | да на         | жасы, жыл | дің диаметрі, см | да на          | жасы, жыл | дің диаметрі, см |
| 1         | 2                               | 3         | 4         | 5                | 6             | 7         | 8                | 9              | 10        | 11               |
| 1         |                                 |           |           |                  |               |           |                  |                |           |                  |
| 2         |                                 |           |           |                  |               |           |                  |                |           |                  |
| Барлығы:  |                                 |           |           |                  |               |           |                  |                |           |                  |
| Корытынды |                                 |           |           |                  |               |           |                  |                |           |                  |

кестенің жалғасы

|  |                   |                         |                              |  |                               |
|--|-------------------|-------------------------|------------------------------|--|-------------------------------|
| Қайта отырғызу, тамырын қопарып қазу (жасарту) | Санитариялық кесу | Сапалық(нақты жай-күйі) | Залалды өтеу мөлшері, бірлік | Залалды өтеу мөлшері бойынша залалдың сомасы | Өтемдік калпына келтіру, дана |
|  |                   |                         |                              |  |                               |

|    |       |           |    |       |           |    |     |       |    |
|----|-------|-----------|----|-------|-----------|----|-----|-------|----|
| да | жасы, | д і н     | да | жасы, | д і н     |    | АЕК | теңге |    |
| на | жыл   | диаметрі, | на | жыл   | диаметрі, | см |     |       |    |
| 12 | 13    | 14        | 15 | 16    | 17        | 18 | 19  | 20    | 21 |

Осы акт \_\_\_\_\_ данада жасалды.

Ескертпе: Зерттеп-қарau актісі жасыл екпелерді кесуге немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.

Жеке немесе занды тұлғаның өкілі \_\_\_\_\_ қолы ( Т.А.Ә.)

(мөрі бар болса)

Үәкілетті органның лауазымды адамы \_\_\_\_\_ қолы ( Т.А.Ә.)

(мөрі бар болса)

Жасыл екпелерді күтіп- ұстаудың және  
корғаудың ұлгілік қағидаларына 3-  
қосымша  
Нысан

Жергілікті атқарушы органның ( облыстың, ауданың, облыстық маңызы бар қаланың) басшысы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты, мемлекеттік органның атауы) \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты не көрсетілетін қызметті алушы занды тұлға ұйымының атауы) және (немесе сенімхат бойынша) \_\_\_\_\_  
(ЖСН/БСН) Мекенжайы \_\_\_\_\_  
( занды мекенжайы немесе тұргылықты жері) байланыстар \_\_\_\_\_  
(электрондық мекенжайы, телефон)

Кепілдік хат \_\_\_\_\_  
(жеке немесе занды тұлғаның атауы)

Ағаштарды кесуге рұқсат алған сәттен бастап алты ай ішінде \_\_\_\_\_  
дана көлемінде өтемдік ағаш отырғызууды жүргізуге кепілдік береді, \_\_\_\_\_  
тұқымдылар, ағаштардың орнына \_\_\_\_\_ дана, \_\_\_\_\_ үшін  
кесілетін тұқымдар \_\_\_\_\_ мекенжайы  
бойынша:

( себебі көрсетіледі)

жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісіне сәйкес.

Отырғызылған көшеттер жойылған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді.

Өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі) осы Қағидалардың 25-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және үш жыл өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсінү актісі негізінде жергілікті атқарушы органның тенгеріміне беруге кепілдік береді

(жеке немесе занды тұлғаның атаяу)

Жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау қағидаларын бұзғаны үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 381-1 және 386 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылатыны хабарланды.

Күні: 20\_\_ ж. \_\_ " \_\_\_\_\_

Басшының Т.А.Ә. және қолы (мөрі бар болса)

Жасыл екпелерді күтіп-ұстайдың және  
корғаудың үлгілік қағидаларына 4-  
қосымша  
Нысан

Жасыл екпелердің жерсінү актісі

20\_\_ ж. \_\_ " \_\_\_\_\_

Жасыл екпелердің отырғызған мекенжайы: \_\_\_\_\_

| №          | Занды және жеке тұлғалар дың атаяуы | Рұқсаттың немесе келісудің нөмірі мен күні | Кесілген ағаштардың саны, дана | Қайта отырғызылған ағаштардың саны, дана | Өтемдік немесе бастамашылық отырғызу, дана тұқымы | Жағдайы          |                    | Қалпына келтіруге арналған көшеттер саны, дана | Ескертпе |
|------------|-------------------------------------|--|--------------------------------|--|---|------------------|--------------------|--|----------|
|            |                                     |  |                                |  |   | Тамыр алды, дана | Тамыр алмады, дана |  |          |
| 1          | 2                                   | 3  | 4                              | 5  | 6   | 7                | 8                  | 9  | 10       |
| 1          |                                     |  |                                |  |   |                  |                    |  |          |
| Қорытынды: |                                     |  |                                |  |   |                  |                    |  |          |

Жеке немесе занды тұлғаның өкілі \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

Уәкілетті органның лауазымды адамы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК